



a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№01(481) 15 қаңтар 2020 жыл

БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ

АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығына Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Камалжан Надыров, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Айбатыр Жұмағұлов және Денсаулық сақтау министрлігі департаментінің директоры Айнур Айыпханова бастаған топ келді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар барысымен танысты.

2 БЕТТЕ

ҰСТАЗДАР ҮШІН ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Еліміздің Білім саласы жаңашылдық пен реформа енгізуден кенде емес. Жылда еліміздің өсіп-өркендеуі үшін жаңа заңдар қабылданып, өзгерістер енгізіліп жатады. Ал, биылғы жыл ұстаздар үшін жағымды жаңалықпен аяқталғалы тұр. Күні кеше ҚР Парламент Сенатының жалпы отырысында көптең талқылауынан өткен «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданды.

4 БЕТТЕ

АРДАҒЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ, ҚАРТТАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕЙІК

Өткен тарихымызда халқымыздың дәл бүгінгідей біртұтас, зайырлы, қуатты мемлекет құрып, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндігі болмаған. Бірақ, ер бабаларымыз әрбір жауапты сәтте жұдырықтай жұмылып, даналығын дәлелдеп келді. Өткеннен өнеге алып, оны болашаққа ұштастыруда әліде көңіл бөлетін тұстарымыз баршылық.

5 БЕТТЕ



«Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді».

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ



175



Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп өкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты.

Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамаңызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлтымызды жаңғыртуды ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді.

Ұлттық болмыстың үлгісі

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық

мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманаларауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнамайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі».

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді, – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетпен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу.

Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламада және өткен жылғы тағдыр конференциясында нақты атап көрсеттім.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы кез келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің

бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.

Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркеніеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүйде сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Қысқартылып алынды

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

СТОМАТОЛОГИЯ КЛИНИКАСЫ АШЫЛДЫ

Университетімізде Стоматология факультетіне қарасты Стоматология клиникасы ашылды. Салтанатты шараға университеттің Өкілетті Кеңесінің төрағасы Мұса Иылдыз, Өкілетті Кеңес мүшесі Мухиттин Шимшек және оқу орнымыздың ректоры Болатбек Абдрасилов қатысты. Клиника медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға бағытталған жоспарды жүзеге асыру мақсатында ашылды.



Клиникада білікті дәрігерлер мен профессорлар, Түркиядан келген ғалымдар қызмет атқарады. Дәрігер-ұстаздар шетелде, озық үлгідегі түрік клиникаларында оқып, тағылымдамадан өткен. Бұнда заманауи фантомдар, панорамдық рентген, протез-техника лабораториялары мен хирургиялық, терапиялық, ортопедиялық кабинеттер және балалар стоматологиясы жұмыс істейді.

Университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор Мұса Иылдыз:

«2016 жылы Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің қолдауымен университетімізде Стоматология факультеті ашылған болатын. Факультетте 900-ге жуық шәкірт білім алууда. Заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталған. Түркістанда алғашқы рет «Сирона» маркалық заманауи панорамдық рентген аппараты қызмет көрсетеді. Бұл клиника Қазақстан мен Түркия мемлекеттеріне құтты болсын! Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы мәңгілік болсын! – деген ыстық лебізін білдірді.

Университеттің Стоматология факультетінің ұстаздары дуальды оқыту бойынша студенттердің теориялық білімін тәжірибе жүзінде танысуға мүмкіндік алады. Жас маман теория мен тәжірибені меңгеріп, олардың өзіне бекітілген жұмысқа жауапкершілігі жоғарылайды.

Оқу орнымыздың президенті, профессор Болатбек Абдрасилов:

«Университетіміздің Стоматология факультетіне қарасты стоматологиялық клиника ашылуда. Стоматология факультеті университетіміздегі ірі факультеттердің бірі. Мұнда ұстаздарымыз дуальды оқыту жүйесі бойынша студенттердің теориялық білімін жетілдіруді тәжірибе жүзінде де жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Халыққа сапалы қызмет көрсету басты мақсаттардың бірі болғандықтан, бұл жерде жақсы мамандарды дайындауға барынша атсалысуымыз керек. Клиника алдағы уақытта Түркістан халқына қызмет көрсету мақсатында да ашылып отыр – дей келе оқытушы-дәрігерлер сенім артатынын жеткізді.

Дәрігер-ұстаздар студенттердің теориялық білімдерін тәжірибеде науқасты емдеу барысында көрсетіп, білімдерін арттыру мақсатында стоматология клиникасы студенттеріміз клиникаға дейінгі дайындық мақсатында, муляж бен манекендерде тәжірибелік дағдыларды жасап үйренулері үшін құрылған. 18 заманауи фантомдар және протез-техникалық лабораторияларында жұмыстар жүргізіледі. Бұл студенттердің клиникаға дейінгі білімдерін шыңдайды.

Өкілетті Кеңес мүшесі, профессор Мухиттин Шимшек:

«Құрметті студенттер! Бүгін ерекше маңызды күн. Студенттерімізге қояр талабымыз белгілі. Осындай соңғы заманауи құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін қолдана отырып, сапалы білім алып шығады деп сенемін. Сіздерді мақтан тұтатындай мықты тіс дәрігері болып шығуларыңызға тілектеспін» – деді.

Клиникада стоматологиялық кабинеттерден бөлек, клиникалық кабинеттерде хирургиялық, терапиялық, ортопедиялық және балалар стоматологиясы қызмет көрсетеді.

Науқасқа қолданылған құрал-жабдықтар пакеттеліп, арнайы стерилизациялайтын құрылғылармен залалсыздандырылады. Стоматология клиникасы университетіміздің ұжымына, білімгерлерімізге қызмет көрсететін болады.



ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығына Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Камалжан Надыров, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Айбатыр Жұмағұлов және Денсаулық сақтау министрлігі департаментінің директоры Айнұр Айыпханова бастаған топ келді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар барысымен танысты.



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Абдрасилов және клиниканың бас дәрігері Сандуғаш Рүстемова делегация өкілдеріне клиниканы аралатып, тіркеу бөлімінің жұмысы арқылы пациенттердің құқығын және сақтандырылғандығы жөніндегі ақпарат беретін құрылғының жұмысымен таныстырды. Делегация құрамы науқастар үшін бейінді мамандар қызметінің қаншалықты қолжетімді екенін бірыңғай КМИС жүйесі арқылы тексерді. Сондай-ақ, емханада медициналық қызмет көрсететін бейінді мамандардың жұмыс кестесін бақылап, қабылдау бөліміндегі ТРИАЖ жүйесімен және оңалту бөлімінде инсульттан кейін ем қабылдап жатқан науқастардың жай-күйімен танысты. Сонымен қатар, жұмыс тобы клиниканың гемодиализ бөлімінде медициналық қызметтердің көрсетілу барысын бақылады.

Клиникалық диагностикалық орталық мекемесін аралау кезінде емхананың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі бойынша жұмыс істеуге дайын екенін мекеме қызметкерлері көрсетті. Клиникалық-диагностикалық орталығында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 01.01.2020 жылдан бастап еңгізіліп, клиникаға келген халықтың ыңғайлығы үшін МӘМС жүйесі бойынша арнайы терминалдар жұмыс істеп тұр.

МӘМС – бұл денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік мүдделерді қорғаудың мемлекеттік жүйесі. МӘМС Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматтарына жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты жеріне, табысына қарамастан, тең дәрежедегі медициналық және дәрілік көмекті қамтамасыз етеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – бұл тұрғындарды ауру, жарақат, жүктілік, бала туу, мүгедектік, көрілік жағдайындағы әлеуметтік қорғау үлгісі. Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру үлгісін таңдау барысында 50-ден астам елдің тәжірибесі зерделенген. Денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығын, медициналық қызметтердің жоғары сапасын мен қолжетімділігін, Медициналық көмектің кең ауқымды пакетін қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығының заман талабына сай мүмкіншілігі бар екендігін және клиникамыздың халыққа медициналық қызмет көрсете отырып, болашақ медицина саласына кәсіби мамандарды дайындап жатыр.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық

қазақ-түрік университетінің ректоры Б.Абдрасилов:

«Қазіргі уақытта клиникаға біздің аймақтың 24,5 мыңнан астам тұрғыны тіркелген. Клиникада 80-нен астам дәрігер-ғылым докторлары, профессорлар, ғылым кандидаттары, жоғары санатты дәрігерлер, 363 орта және кіші қызметкерлер, әкімшілік-шаруашылық қызметкерлер еңбек етеді. Олардың көпшілігі шетелде, озық үлгідегі түрік клиникаларында оқып, тағылымдамадан өткен. Сондай-ақ, біздің клиникада болашақ дәрігерлерді дайындау жүйесіне органикалық интеграцияланған және оның базасында студенттер үшін тәжірибелік сабақтар өткізіледі. Дәрігерлер университет клиникасында медицина факультетінің сабақ беретін ұстаздарымен бірлесіп науқастың диагнозын қоюға мүмкіндіктері бар. Жақында кардиология және травматология бағыты бойынша реабилитация орталығын ашу жоспарлануда. Бұл орталықта неврологиялық науқастарды емінен кейін қайта қалпына келтіру үшін жұмыстар жүргізіледі. Клиникада жоғары білікті мамандар жұмыс жүргізеді. Соңғы жылдары клиникаға бірқатар заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен толықтырылуда» – деді.

Клиникамыздың жұмысымен танысу барысында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы А.Жұмағұлов жаңа жүйе бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты өз пікірін білдірді.

«Жалпы бүгінгі күні штабы міндетті медициналық сақтандыру қорының арнайы штаб мүшелерінің Түркістан облысы бойынша жиыны өтті. Бұл жүйеге жалпы дайындық жұмыстары жақсы. Мақсатымыз медициналық әлеуметтік сақтандыру бойынша мәселелерді анықтау, шешу жолдарын қарастыру. Бұл шара республика көлемінде өтіп жатыр» – деді А. Жұмағұлов.

Университет клиникасының бас дәрігері С.Рүстемова:

«Министрліктен келген жұмысшы тобына 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жаңа жүйесінің біздің клиникамыздағы жүргізіліп жатқан жұмыстары мен дайындық барысы таныстырылды. Клиникамыз Түркістан қаласының халқына жаңа жүйе бойынша медициналық сапалы қызмет көрсетуге дайын. Диагностикалық, МРТ, компьютерлік томография, басқа да қажетті құрал-жабдықтарымыз бар. Қазіргі таңда, клиника-диагностикалық орталығында университетіміздің медицина факультетінің студенттеріне де тиімді клиникалық база ретінде жұмыс істейді. Клиникамызда 120 жатақ орын бар, 24500 халық тіркелген амбулаториялық көмек бере аламыз».



«АҚЫЛ-ОЙМЕН ҒАНА ОЗАТЫН КЕЗЕҢ КЕЛДІ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН» атты мақаласы жарық көрді. Президентіміздің мақалада келтірілген кейбір ойлы да орамды пікірлерімен бөліспекпін:

- * Абай мерейтойы той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек
- * Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ
- * Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес
- * Отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар
- * Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек
- * Қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек
- * Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді
- * Өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет
- * Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі
- * Азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн
- * Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын
- * Мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады
- * Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі
- * Жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор
- * Тұрақтылық пен дамуымыздың көпшілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал
- * Қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлігімізге іріткі салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет
- * Абайдың «толық адам» концепциясы, шындықта келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек
- * Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек
- * Әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет
- * Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады
- * Өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕСКЕРІЛДІ

Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасы мен облыстық Жастар орталығының ұйымдастыруымен «Жасыл ел» бағдарламасының аясында «Жасыл желек жайқалсын» жастар еңбек жасақтарының жұмыстарын қорытындылау кеші өтті. «Жасыл ел» жасағының құрамында біздің университетіміздің жастары да Түркістан қаласының көркеюіне атсалысты. Жастар дүйсенбі мен жұмыс күні аралығында жасыл желектерді баптап, ағаштар мен гүлдерді суғарып, демалыс орындары мен көшені абат-

тандыру жұмыстарын жүргізді. Салтанатты шарада университетіміздің жастарына Түркістанды көркейтуге қосқан үлестері үшін алғыс хаттар табысталды. Университетіміздің Тәрбие және жастар бөлімінің үйлестірушісі Нұрбек Құдіретуллаұлы Исаев және студенттеріміз Әділет Нұрлыбекұлы Әбдімүтәліп, Зилола Азаматқызы Нурматова, Сымбат Даулетқызы Ханалбек, Бабура Бахадирович Юлдашев, Әсел Рахымжанқызы Сұлтанбек, Нұрдәулет Ержанұлы Жасыбаев марапатталды. Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты.



«ЖОО-НЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ – 2019»

Қазақстанның ЖОО профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық және ғылыми шеберлігін саралайтын дәстүрлі байқауға бұл жылы да еліміздің тәжірибелі ұстаздары құжат ұсынып, нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дан 6 оқытушы 2019 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсы жеңімпаздарының қатарынан табылды. Атап айтсақ, «Экология және химия» кафедрасының профессоры Әбділда Тұрсынханұлы Мейірбеков, «Зертханалық пәндер» кафедрасының доценті Айжан Көмекбайқызы Мамырбекова, «Математика» кафедрасының доценті Күлзина Жаркымбекқызы Назарова, «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің басшысы, «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының профессоры Алена Юлдашқызы Балтабаева, «Инженерия» факультетінің деканы PhD Нұрбек Пажарбекұлы Сапарходжаев, Биология кафедрасының PhD Нұрдана Нұртайқызы Салыбекова университет мақтанышына айналды отыр.

Бұл грант жоғары оқу орындарының оқытушыларына әлемнің жетекші университеттерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және біліктілікті арттыру мақсатында тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді.

Өріптестерімізді құттықтап, жаңа табыстар тілейміз!

ЕСЕП ТЫҢДАЛДЫ, ЖОСПАР ПЫСЫҚТАЛДЫ



Университетіміздің Сенат залында 2019-2020 оқу жылындағы 5-Сенат мәжілісі өтті. Жиынға Сенат мүшелері мен ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері және орталықтар мен бөлім басшылары қатысты. Күн тәртібінде 6 мәселе және басқа да түрлі 20 шақты мәселе қаралды.

Сенат мәжілісінің күн тәртібінде мына мәселелер қамтылды- 2019 жылғы университеттің шаруашылық және қаржылық қызметтердің қорытынды есебі; 2020 жылға арналған шаруашылық жұмыстарды жоспарлау, бекіту туралы; Рухани жаңғыру бағдарламасы мен Жастар жылына орай атқарылған іс-шаралар қорытындысы және алдағы «2020 жыл Еріктілер (волонтерлер) жылына» қойылатын міндеттер туралы; Ғылыми гранттардың қорытынды есебі туралы; 2019-2020 оқу жылының 2-семестріне босаған мемлекеттік білім беру гранттарына үміткерлерді ұсыну туралы; 2019-2020 оқу жылының 2-семестріне Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған стипендияға үміткерлерді ұсыну және басқа да мәселелер қаралды.

Мәжілісті ректор Б.Абдрасилов оқытушы-профессорлар құрамы мен сенат мүшелерін жаңа жылмен құттықтап, 2019 жылы университетіміздің жеткен жетістіктеріне тоқталды.

«Университетіміздің 150 ОПҚ ағылшын тіліне оқыту грантын жеңіп алып, 105 млн теңге қаржы алынды. Курс соңында оқытушылар IELTS 6.0 деңгейін меңгеріп шығады, университетіміздің ғылыми жарияланымдарының саны мен сапасы жағынан өсім көрсете отырып, Elsevier компаниясының «Жыл Серпілісі-2019» номинациясына ие болдық. Сонымен қатар, жыл сайын өткізілетін «Ғылым қоры» АҚ ұйымдастырған Көрмеге алғаш рет қатысып, 2 коммерцияландыру жобаларының нәтижесі Парламент депутаттары, мемлекеттік және қоғам қайраткерлеріне, бизнес өкілдері мен ғалымдарға таныстырылды. 2020-2022 жылдарға жас ғалымдарға арналған ғылыми зерттеу гранттарына 22 жұмыс ұсынылып, қазіргі таңда 11 жоба ҰҒК шешімін күтуде. Желтоқсан айында өлемдік ғылыми аналитикалық платформа – SciVal бағдарламасын енгіздік. Бұл бағдарлама ғалымдарымыздың ғылыми потенциалын арттыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, 6 оқытушымыз 2019 жылдың «ЖОО үздік оқытушысы» атанды. 2019 жылғы ғылым саласындағы атаулы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендия иегерлері белгіленді. Университетіміздің екі жетекші ғалымы мен екі жас ғалымы осы стипендия иегерлері — деді.

Болатбек Серікбайұлы университет ұжымының атынан барлық марапат иелеріне сәттілік тілеп, алдағы уақыттарда да университетіміздің, еліміздің ғылымының дамуына үлкен серпіліс әкеледі деп сенетіндігін айта келіп, шығармашылық табыстар тіледі.

Сенат барысында күн тәртібіндегі есептер тыңдалды. Сонымен қатар екінші жарты жылдықтың атқарылатын жұмыстары пысықталды.

Университет ректоры Б.Абдрасилов «Еріктілер жылына» байланысты ерікті жастарды Түркістан, Кентау аймағындағы өзендердің жан-жағын тазартуға, ағаш отырғызып өңіріміздің тазалығына, түрленуіне өз үлестерін қосатындығын айта келіп, ұсынысты көктемге қарай жоспарлауды тапсырды. Университетіміздің I вице-президенті Женгиз Томар: 2020 жылы ЮНЕСКО қолдауымен халықаралық деңгейде аталып өтілетін Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналып Түркияда Әл-Фараби жылы жарияланғандығын айтты. Түркия тарапынан ауқымды шараға арналған жоспарлардың жасалып жатқандығын мәлімдеді. Университетіміздің Ботаникалық бағының Түркістан қаласына маңыздылығын айта келіп, жұмыстарды жандандыру бойынша бірнеше ұсыныстарды жеткізді.

ӨНЕГЕ

УНИВЕРСИТЕТ ОҚЫТУШЫСЫ АҚШ ГРАНТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

AMERICAN
A E
ENGLISH

Ағылшын филологиясы кафедрасының PhD, аға оқытушысы Сейтова Меруерт АҚШ елшілігі тарапынан қаржыландырылатын American English E-Teacher program Winter 2020 грантын жеңіп алды.

Аталмыш бағдарлама шетелдік ағылшын тілі оқытушыларына АҚШ-ның әртүрлі деңгейдегі университеттерінде үздіксіз білім беру курстарынан өту мүмкіндігін ұсынады. Бағдарлама АҚШ Мемлекеттік департаментімен қаржыландырылады. АЕ E-Teacher курстары қатысушыларға интерактивті қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету үшін жаңа білім беру технологияларын қолданады және қатысушы мұғалімдердің «ағылшын тілі-шет тіл» ретіндегі проблемаларын шешудегі заманауи әдістермен таныстыруға арналған. Бағдарлама сонымен қатар қатысушыларды американдық ағылшын мұғалімдерімен байланыстырады және халықаралық әріптестерді дамытуға бағытталған.

ӘРІПТЕСІМІЗ «ҮЗДІК ЖАТТЫҚТЫРУШЫ» ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында облыс аумағында дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін спортшыларды марапаттады. Университетіміздің профессоры, спорттық-сауықтыру орталығының аға бапкері Әбдісадық Нұрлақұлы Халилаев «Үздік жаттықтырушы» номинациясы иегері атанды. Сонымен қатар, жас спортшыларымыз Айжан Жылқыбай мен Хамза Дидар «Үздік спортшы» аталымы бойынша марапатталды.



СПОРТШЫМЫЗ-ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



Ақтөбе қаласында Қазақ күресінен Әлем чемпионаты өтті. Жарысқа 42 мемлекеттен 250-ге жуық спортшы қатысты. Сол жарыста Университетіміздің Спорт және өнер факультеті, Дене шынықтыру мамандығының 4-курс студенті Нұрым Сәлімгереев 100 кг салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанып, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын қорғады. Спортшының бапкері Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушы Қасымбек Жақыпбек. Студент-спортшыларымызға университет ұстаздарының үмітін ақтап, байрақты бәсекелерде жеңістерге жете берулеріне тілектеспіз!

ҰСТАЗДАР ҮШІН ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚҚА ТОЛЫ ЖЫЛ БОЛДЫ

Еліміздің Білім саласы жаңашылдық пен реформа енгізуден кенде емес. Жылда еліміздің өсіп-өркендеуі үшін жаңа заңдар қабылданып, өзгерістер енгізіліп жатады. Ал, биылғы жыл ұстаздар үшін жағымды жаңалықпен аяқталғалы тұр. Күні кеше ҚР Парламент Сенатының жалпы отырысында көптің талқылауынан өткен «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданды.



«Педагог мәртебесі туралы» Заң жобасында-жарты миллионнан астам ұстаздың жұмысына қатысты 21 баптан тұрады. Жалпы, аталған заң жобасында төрт бағыт қамтылады. Біріншіден, ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстардан босату, олардың жүктемесін азайту. Екіншіден, мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту. Үшіншіден, материалдық емес ынталандыру тетіктері, сондай-ақ төртіншіден, материалды ынталандыру қадамдары», – деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Заңда мұғалімдердің балаларына балабақшаға бірінші кезекте орын беру, барлық педагог қызметкерлер алдағы уақытта 56 күндік демалысқа шығу, сонымен қатар ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтарға жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін алу үшін басымдық берілген. Бұл дегеніміз, біріншіден, ұстаздарымыздың мәртебесін көтеруге бағытталған айқын қадам болса, екіншіден, білім алушылардың білім алуына үлкен мүмкіндіктері арта түсері анық. Тағы бір айта кететін жақсы жаңалық, ұстаздарды заңсыз жұмысқа тартқандарға белгілі бір мөлшерде айыппұл салынатын болды. Бұның барлығы «Ұстазы бейілді болса, шәкірті зейінді» келеді демекші, педагогтың мәртебесін көтеру үшін жасалынып отыр.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылғы қыркүйек айынан бастап жұмысшы мамандықтағы 122 мың білім алушының шәкіртақысы 30%-ға ұлғайтылған. Ал, 2020 жылдың қаңтар айынан бастап арнаулы орта білім мамандарының шәкіртақысы 16 759 теңгеден 20 948 теңгеге, ал өте жақсы оқитын студенттердің шәкіртақысы 19 272 теңгеден 24 090 теңгеге көтеріледі.

2020 жылдың қаңтар айынан бастап базалық деңгейде бакалавр дәрежесінде білім алушылардың шәкіртақысы 20 949-дан 26 186 теңгеге, магистратура шәкіртақысы — 53 530-дан 66 913 теңгеге және докторантура шәкіртақысы — 81 998-ден 102 498 теңгеге көтерілмек. Мұның өзі ата-аналар үшін және білім алушы жастарымызға үлкен көмек.

Биылғы жылы өткен Тамыз конференциясына еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, ұстаздарға қатысты бірқатар тапсырмалар берген болатын. Осыған орай, «Мемлекет басшысының Тамыз конференциясында берген тапсырмасының аясында төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбекақысы екі есе артады. Бұл тұрғыдан алдағы қаңтар айынан бастап педагогтардың жалақысы 25 пайызға өседі. Депутаттардың қолдауымен осы бекітілген бюджетте тиісті қаражат қарастырылған. Біз осы жұмысқа қаңтардан бастап кірісуге дайынбыз», – деді Асхат Аймағамбетов. Еліміздің Бас ұстазының осы мәлімдемесіне сәйкес алдағы 2020 жыл да жағымды жаңалықпен жалғасқалы тұр.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ, ҚАРТТАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕЙІК

Өткен тарихымызда халқымыздың дәл бүгінгідей біртұтас, зайырлы, қуатты мемлекет құрып, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндігі болмаған. Бірақ, ер бабаларымыз әрбір жауапты сәтте жұдырықтай жұмылып, даналығын дәлелдеп келді. Өткеннен өнеге алып, оны болашаққа ұштастыруда әліде көңіл бөлетін тұстарымыз баршылық.

Арамызда Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер болмаса да, біздер мен сіздер сол соғысқа қатысқан ата-әжелердің әке-аналардың, апағалардың ұрпақтарымыз. Біз, бүгінгі бейбіт өмірді сыйлаған аға ұрпақты ешуақытта ұмытпауымыз керек. Сондықтан «Ардагерлерді ардақтайық, қарттарымызды құрметтейік» атты республикалық іс-шара бағдарламасын кең көлемде ұғыну, сезіну керек деп ойлаймыз.

Қарттарын ерекше құрметтеп, ардагерлерімізді ардақтаған елдің ұрпағымыз. Қарт дегеніміз - ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Теңіздің тұнығы мен тереңдігі қандай болса, қарияларымыздың да білетіні сондай терең. Қариялар халқымыздың өткені мен бүгінгі, тұнып жатқан тарихымыз. «Қарттары бар елдің қазынасы бар» деген аталы сөз осыдан қалса керекті. Абыз ақсақалдар дегенде ең алдымен кешегі Майқы би, Бұхар жырау, Төле, Әйтеке, Қазыбек билер мен дана Абайдың, Кир патшаның басын шапқан Тұмар (Томирис) ханшайымы, Римді жаулаған Еділ патша, крестшілерді талқандаған Бейбарыс, жарты әлемді жаулаған Шыңғысхан, қазақхандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек, Қоқанды қоқандатпай ұстаған Хақназар, Жоңғарды жойған Абылай, ұлт намысын ту еткен Кенесары хан, Қабанбай, Қарасай, Райымбек және басқа да әлем тарихына өшпес із қалдырған тұлғалардың ұлылығы есімізге түсері анық, олардың даналығы бір ауыз сөзімен дүйім жұртқа төрелік айтып, елді аузына қаратқан ақсақалдардан кенде болған емеспіз. Ақсақалдарымыздың өмірлік тәжірибесі, ақыл-кеңестері, тәлім-тағлымдары ұрпақ үшін орны бөлек.

Қай заманда болмасын қоғамда қарияларға деген құрмет, ізет-ілтипат ерекше болған, олардың даналықтары мен өмірден түйген мол тәжірибесіне ден қойып отырған. Жалпы айтқанда, қарттардың отырған жері бір береке ғой, шіркін! Сол кісілердің арқасында осындай тыныш заманда өмір сүріп отырғанымызды кейінгі ұрпақ білсе, ұмытпаса деген ізгі тілегіміз бар.

Қарияның батасынсыз, даналығынсыз қазақ қоғамында қордалы байламдар жасалып, іс басталмаған. Атам заманнан бері келе жатқан игі дәстүр бұл. Осы бір көнеден келе жатқан үйлесім мен үлкенді сыйлау дүниетанымы бұл күндері өзгеріске ұшырап, қарияны сыйлаған дәстүр ескінің сарқыншағы іспетті ақырындап, ғасырлардың қойнауына еніп бара жатқанын байқамау мүмкін емес.

«Өткен менен кеткенді көп жасаған қарт білер» демекші, кешегі Ұлы Отан соғыс жылдарында, сонау ел басына қиын-қыстау күн туып, «ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен» аласапыран уақыттарда халықтың бейбіт заманда өмір сүруі үшін бастарын бәйгеге тігіп, өлім мен өмірдің ортасынан елін, жерін, тілін, дінін, салт-дәстүрін болашақ ұрпағына аман-есен жеткізді, біз, яғни жас ұрпақ сол үшін де қарыздармыз.

Бүгінгі жас, ертеңгі - қария. Мұны әр бір қазақ азаматтары жадында сақтап, көңілге түйіп, атасыз үйлері - батасыз, анасыз үйлері - панасыз қалатынын ескерген дұрыс. Қарттарымыз бағасыз байлық, төрімінде отыруының өзі бір бақыт. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Аллаһ разылығы - ата-ана разылығында, Аллаһтың ашуы - ата-ананың ашуында жатыр», - деген. Сондықтан ақсақалдарымыздың

қадіріне жетіп, құрметтейік, бас иейік, өмір бойы борыштар екенімізді ұмытпайық.

Туған елінің туын биік ұстауды мақсат тұтқан Елбасы әрқашан еңбектеген баладан, еңкейген қартына дейін ұлықтауды ұлы дәстүрге айналдырып, ескелең буынға ұлағат етіп, «Қарттарын ардақтай білген елдің рухы үстем, шаңырағы биік», деп атап көрсетті. Шындығында да, бүгінгі жас - ертеңгі қарт осы заңдылыққа бас иген, «өсетін елдің өнегелі ұрпағы дария-теңіз - қариясын» құрметтеп, кейуанасын сыйлауды әрқашан өмірлік қағида тұтқан. «Үйдегі қарияң - жазып қойған хатпен тең», демекші, қарттарын құрметтеген елдің ертеңі биік, мерейі үстем болары хақ.

Соғыс және еңбек ардагерлердің өлшеусіз еңбектерін атай келе, оларға жас ұрпақтың борыштар екендігін, ағалар сенімін ақтау парыз екенін, үлкенді құрметтеу өнегесі жалғаса беретіндігін айтып, алаңсыз өмір сүрулерін тілейміз. Алдыңғы толқын ағалардың ұрпақтар арасындағы байланысты жалғастырып, елді бірлікке, ынтымақтастық пен достыққа, бауырмалдыққа шақырулары зор қолдау болып, Тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын бекіте түсуге қызмет етері сөзсіз.

Қариялар бастан кешкен соғыс зұлматын, қанды қырғынды, қиыншылық пен ауырталықты ендігі ұрпақ көрмес үшін Елбасымыз өлемнің барлық мемлекетімен бейбітшілік қарым-қатынас орнатып келді.

Бүгінде мемлекет тарапынан ардагерлерге зейнетақылар мен жәрдемақылар уақытында төленіп, тұрмыс жағдайларын жақсарту мақсатында көмектер көрсетіп отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым-қатынастарында, оны мүлтіксіз жүзеге асырылуына байланысты.

Қарттарды құрметтейтін, ол-ардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтымақ орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяла-маған ұрпақтан не ола, не қайыр?! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған қаншама қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғас-тыруда.

Қарттар үйі - жасы ұлғайып, қараусыз қалған қарттарымызды қамқорлыққа алатын, әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылады және ол мемлекеттік мекеме. Қартау - биологиялық процесс, белгілі бір жасқа жеткеннен кейін адам организмнің мүмкіншіліктерінің үдемелі төмендеуі. Қай жерде де ата-анаға қызмет көрсетуге тиістілігінді ұмыту мүлдем жарамайды. Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да моральдік құқы бар. Бұл моральдік құқыны құрметтей білу керек. Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке-шешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол-үйіне олардан артық құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойлаамасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Тұңғыш Президент - Елбасы Н.Назарбаев: «әрбір ардагердің, әрбір қарттың қажеттіліктерін ескеру, оларға қамқорлық жасау - біздің басты борышымыз» екендігін ескертіп, ерекше мән берді.

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» ұранымен қарттарды сыйлау, құрметтеу жастарды үлкендерді сыйлауға



тәрбиелеу мақсатында университет көлемінде барлық факультеттер арасында көптеген іс-шаралар өткізілді және де жалғаса береді деп сенеміз. Қарияларды әлеуметтік қолдаудың қосымша шаралары біздің білімгер жастарымыздың арасында қалай жүзеге асырылуда және бұл игі іс одан әрі қалай жалғаса береді - деген сауалдар туындайды.

Бала кезімізде ақ сақалды аталарымыз бен ақ шашты әжелеріміздің "Жасымда қаншалықты бейнет берсең, қартайғандық соның зейнетін көрсете көр", - деп жаратқанға жалбарынып отырғандарына талай күе болдық. Бұған қоса олар адам баласының әдемі қартай білуінің өзі баға жетпес бақыт екенін әр сөздеріне тұздық ететін. Сол уақыттары бұл қылықтарына күле қарап, көрі адамға әдеміліктің не қажеті бар дейтінбіз. Сөйтсек, қарттар сөзінің жаны бар екен. Адамның жаратылғаны секілді әркімнің әртүрлі қартайтыны заңдылық. Біреулер шал-қария тартқан шағында үрім-бұтағының ғана емес күллі жұрттың ықыласына бөленіп, ардақтысына айналса, кейбіреулердің балашағанын берекесін қашырып жүріп берекесіз шал-кемпір атанатыны шындық.

Қалай дегенде де, Алланың берген ғұмырын әркім өз ақыл-парасатымен мәнді етпек. Қоғамның ізгілігі - балалар мен қарттарға жасалған қамқорлықпен бағаланатыны бұлжымас ақиқат. Бұл тұрғыда еліміздегі қариялар мәселесіне тоқталар болсақ, қарттар мен мүгедектер, қорғаушысы жоқ кембағалдар жалпы зейнеткерлер жайы Президентіміздің дәстүрлі халыққа Жолдауында назардан тыс қалған емес. Үлкендерге деген сый-құрметтің бір күннің аясында шектеліп қалмауы керек. Отбасында қарайып қарияларымыз отырса, ақылын айтып, тура жолға жетелесе, біздің жастарымыз да тәртіпті, саналы болып тәрбиеленетіні сөзсіз. Біз, әрбір жас ұрпақ, қарияны құрметтеуді өз отбасымыздағы ата-аналарымызды қадірлеуден бастауымыз керек. Олар ертең өсіп, қариялық жасқа жетеді. Міне, осы кезде ата-анамызға қамқорлық жасасақ, артымыздан ерген немерелеріміз, балаларымыз осы жақсы ұстанымды ұстау арқылы ата-әжелерге қарайды, күтеді, баптайды. Қазақтың қара шаңырағы да киелі орданың бірі болған. Онда ақ сақалды аталарымыз бен ақсамайлы әжелеріміз ұрпақтан-ұрпаққа бабалар әулетінің түтінін үзбей жалғап келді. Сондықтан да ата дәстүр жалғасын тауып, отырды. Дауыс көтермеу, қызы әкесін сыйласа, келіні атасын сыйлау, ақжаулықты әже - отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-туғанның, абысын-ажынның бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі. Атаның да айтары мол, берері көп.

Әдетте жас отау иелері тұңғыш бала-сын атасы мен әжесінің бауырына са-лады. Осы орайда «Сіздің отбасыңызда ата мен әженің рөлі қандай?» деген сауалмен жастар пікірін де тыңдады. Сондай-ақ, қазіргі мынау заманда жас балалардың ата-анаға қамқор болмауы, оларды қадірлемеуі, өз жеке басының қамымен әке-шешені далаға қалдырып кетіп жатқандар аз емес. Бүгінде, Республикамызда 87 қарттар үйі бар, қиын қыстау заманда да қазақ бірде-бір қарты мен жетім-жесірін қаңғытпаған, ауыл-аймақ болып асыраған ел едік қой. Үлкен адам - үйдің көркі, топты ортада, жиында үлкеннің батасы баға жетпес байлық іспетті. «Батамен ел көгерер, жауынмен жер көгерер» - деп халқымыз бекер айтпаған.

Жаһандану дәуірі жетті. Жастар өз ұрпағына заманауи, жан-жақты тәрбие бергісі келеді. Түрлі тілдерді меңгертіп, сан алуан кәсіптің құлағында ойнаса деп армандайды. Бұл дұрыс. Болашағының бақытын ойламайтын ата-ана жоқ. Бірақ, сол армандар мен мақсаттарды қалай және қашан жүзеге асырмақ? Таңертеңнен кеш түскенше жұмыста. Демалыс күндері үйдің ұсақ-түйек ша-руасы. Баланы үш жасқа жетілдірмей-ақ, балабақшаға тапсырып, санасына жастайынан сіңірілуі тиіс тәрбиенің мазмұнды бөлігінен құр қалдырамыз. Мұндайда әрбір баламен жеке жұмыс жасайтын тәрбиеші қайда? Демек, бала үйде де, түзде де ұлттық тәрбиеге жарымайды. Жарылқайтын ата-ана жоқ. Қызметіндегі «күйзеліс ахуалымен» үйіне тек тыныштықты қалап орала-ды. Сөйтіп, баласымен сөйлесу былай тұрсын, артық қимылы үшін жекіп-нұқып, өз бөлмесіне «қамап» қоюға тырыса-ды. Ал әжесімен әңгімелесіп отырған баланы көз алдыңызға елестетіңізші! Әңгімелері қандай жарасымды! Бірінің тілін бірі білетіндей. Өзіне жағымды болған әңгімелесуден кейін, баланың кенет көңіл күйінде үлкен өзгерістер байқалады. Қуанады, сұрақтарды үсті-үстіне қояды, тіпті сауал қоярдың ал-дында кәдімгідей ойланады, жауабына қанағаттанса шаттанады, себебі әжесі жәй ғана баяндап қоймай, көңіл кілтін анықтап алғандай, өзгелерге емес, дәл өзіне ғана арнап айтады. Қариясы бар үйдің қазынасы бар.

Ақиық ақын Сағи Жиенбаев қазақтың қазыналы қарттарының жиынтық бейнесін:

Дүниеге келер бір рет,
Дария кеуде, тау мүсін.
Құрыштан құйған құдірет,
Қарттарым, аман сауымың, - деп төрт шумақ өлеңге сыйғызған екен. Дария кеуде, тау мүсіндерге ақыннан артық теңдессіз теңеу мен тамаша тілек тап-паспыз, сіре.

Р.Б. НҰРЛАНБЕКОВА
т.ғ.к., доцент

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Diş Hekimliği Fakültesi Kliniği Hizmette Açıldı



2017-2018 öğretim yılından itibaren Diş Hekimliği Fakültesi kimliğine kavuşan Üniversitemiz o günden itibaren sürekli gelişme göstererek hem öğrencilerin eğitimlerini en üst seviyede tamamlamaları hem de bölge halkına ağız ve diş sağlığı hizmeti verebilmek için çalışmalarına bir yenisini daha ekliyor. Diş Hekimliği Fakültesi kliniği ve TİKA tarafından desteklenen Fantom laboratuvarı 13 Ocak 2020 Pazartesi günü Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar'ın katılımlarıyla hizmete açıldı. Diş Hekimliği Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Kerem Engin Akpınar'ın selamlama konuşmasının ardından açılış kurdelesini kesildi.

Törende konuşan Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ağız ve Diş Sağlığı



Kliniği'nin Üniversitemize ve Türkistan halkına hayırlı olması dileklerini ilettiler. Kliniğin açılması sürecini kendi rektör vekilliği döneminde başlattıklarını ifade eden Mütevelli Heyet Başkanı Yıldız, "Burada rektör vekili olarak görev yaptığım dönemde Diş Hekimliği Fakültesi ve Kliniğini projelendirdik. Alanında uzman Prof. Dr. Yüksel Türköz ve Prof. Dr. Emin Türköz ve mevcut fakülte dekanı Doç. Dr. Kerem Engin Akpınar'ın üstün gayretleriyle son teknolojiyle donatılmış kliniğimizi bugün hizmete açıyoruz. Ayrıca fakültemiz Kazakistan'da tek diş hekimliği fakültesi özelliği de taşıyor. Burada öğrencilerimiz kazanacağı tecrübeyle Türk dünyasının çeşitli bölgelerinde hizmet edecekler. Bu bakımdan mutluyuz ve gururluyuz" dedi.

Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek ise konuşmasında Türkistan'ın eyalet merkezi olmasıyla birlikte büyük bir gelişme kaydettiğini dile getirerek "Yakın zamanda Üniversitemizin bulunduğu Türkistan şehri Güney Kazakistan Eyaleti'nin merkezi oldu. Bu değişim süreci Türkistan'ın gelişimine hız kazandırmıştır. Tabii Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak bu gelişmeden geri kalmak istemedik. Her alanda olduğu gibi son teknolojiyle donatılmış Diş Hekimliği Fakültesi Kliniğimizi bugün üniversitemize kazandırıyoruz. Sizden isteğimiz gittiğiniz her yerde kendinden bahsettiren ve aranan deneyimli diş hekimleri olmanızdır" dedi.

Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov konuşmasında Diş Hekimliği Fakültesi'nin üniversitemizin en büyük fakültelerinden biri olduğunu belirterek "Türkiye, Kazakistan ve Türk dünyasından olmak üzere 900'e yakın öğrencimiz Diş Hekimliği Fakültesi'nde öğrenim görmektedir. Türk dünyasına hizmet eden bir üniversite olarak kaliteli hizmet verme adına öğrenciler bu klinikte teorik bilgilerini pratiğe dökerek ve öğrenimlerini en iyi şekilde tamamlayacaklardır" dedi.

Rektör Abdrasilov ayrıca üniversitelerin toplumla bütünleşen ve topluma hizmet eden bir misyonu olduğuna vurgu yaparak, Türkistan halkının üniversitemizde ağız ve diş sağlığı hizmeti almasının Türkistan'da sağlık alanında katma değer yaratacağına dikkat çekti.

Sağlık Bakanı Yardımcısı Üniversitemizi Ziyaret Etti



Kazakistan Cumhuriyeti Sağlık Bakanı Yardımcısı Kamalbek Nadirov ve Sosyal Sigortalar Kurumu Başkanı Aybatır Jumagülov bir takım görüşmeler ve incelemelerde bulunmak üzere Üniversitemizin Tıp Fakültesi Hastanesine ve Diş Hekimliği Fakültesi Kliniğine 9 Ocak 2019 Perşembe günü bir ziyaret gerçekleştirdi. Hastane ünitelerini gezen heyet, Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Tıp Fakültesi Hastanesi Başhekimi Sandugaş Rüstemova ve Hastane Müdürü Fatih Öztekin'den bilgi aldılar.

Ziyarette sağlık hizmetleri, eğitim, araştırma, insan gücü, fiziki donanım, bina, tıbbi cihaz ve diğer kaynakların kullanımı, Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin sağlık alanındaki yenilikleri ve atıllarına ilişkin fikir alışverişinde bulunuldu.

Rektör Abdrasilov yaptığı açıklamada, bölge

halkına kaliteli sağlık hizmeti sunmak için Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak gerekli çalışmaları yürüttüklerini belirtti. Üniversitesinin 2006 yılında modern ve yeni nesil teknoloji inşa edildiğini, yetişmiş insan gücü ve deneyimli kadrosuyla bölgenin en iyi hastanelerinden biri olduğunu vurguladı. Ayrıca tıp alanında Türkiye'deki üniversitelerle ikili işbirliği içinde olduklarını ifade eden Rektör Abdrasilov, gerek akademik değişim, gerekse teknolojik anlamda Türkiye tecrübesinin başarılı bir şekilde uygulandığını açıkladı.

Sağlık Bakan Yardımcısı Kamalbek Nadirov ve Sosyal Sigortalar Kurumu Başkanı Aybatır Jumagülov hasta kabul, radyoloji, yoğun bakım, hemodiyaliz üniteleri ve diş hekimliği kliniği ve laboratuvarlarını inceleyerek hastaları ziyaret ettiler.

Diş Hekimliği Enstitüsü İle İkili İş Birliği

Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Özbekistan Cumhuriyeti Taşkent Diş Hekimliği Enstitüsü arasında ikili işbirliği protokolü imzalandı.

Bir takım görüşmeler ve temaslarda bulunmak üzere Rektör Yardımcımız Prof. Dr. Umirbek Umbetov ve Diş Hekimliği Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Kerem Engin Akpınar Özbekistan'ın Taşkent Diş Hekimliği Enstitüsü'nü ziyaret etti. Diş Hekimliği Enstitüsü Rektörü Prof. Dr. Jesur Rizayev ile görüşen üniversitemiz heyeti, ilişkilerin geliştirilmesi kapsamında mutabakat imzaladı.

Yapılan protokoller sonucunda akademik araştırmaların desteklenmesi, akademik programlar geliştirme, diş hekimliği alanı ile ilgili materyal paylaşımı, lisans ve yüksek lisans düzeyinde öğrenci değişimi, akademik ve eğitim alanlarında ortak etkinliklerin düzenlenmesi gibi birçok konuda anlaşma sağlandı.

Yapılan toplantıyı takiben Üniversitemiz heyeti enstitü birimleri ve laboratuvarlarını gezdi. Görüşmeler sonunda Rektör Yardımcısı Umbetov, Rektör Rizayev'e üniversitemiz yayınlarından takdim etti.



TIP FAKÜLTESİ ÖĞRENCİLERİ ANATOMİ MASASINA KAVUŞTU

Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Anatomi Bölümü öğrencileri artık 3D interaktif sanal inceleme masası "The Anatomage Table" ile öğrenimlerini daha üst seviyede gerçekleştirebilecekler.

Dünyada modern sağlık sektöründeki yenilikçi gelişmelere uygun olarak kullanılan 3D uyumlu anatomi masası, bütün tıp anabilim dalları ve anatomik araştırma alanlarında yüksek öğretimi ve basit tıbbi müdahaleleri daha başarılı kılmaktadır. 3D teknoloji uyumlu anatomi masasının özellikleri incelendiğinde, Multi-touch özelliği ile vücudun herhangi bir noktasını farklı açılarla görebilme, o alanı detaylı inceleme, vücut yapıları içindeki katmanları en ince ayrıntısı ile görüntüleyebilme imkanı

sağlamaktadır.

Türkiye'de ve dünyada sayılı üniversitelerde kullanılan akıllı anatomi masası Üniversitemiz Mütvevelli Heyet Başkanlığı tarafından Tıp Fakültesi ve Çimkent Tıp Enstitümüne kazandırıldı. Bu donanımı ile tıp ve diş hekimliği öğretiminde uluslararası interaktif özelliği sayesinde temel tıp eğitimi ve intörn uygulamalarında pratik deneyim kazandırabilecektir. İçinde tüm anatomik veri ve görüntüleri barındıran bu masa sayesinde, hem öğrencilerimiz hem de öğretim üyelerimiz insan anatomisi ve diğer tüm müdahale yöntemlerini daha kapsamlı inceleyebilecekler.



Öğrencimiz Sambo Şampiyonu

Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencisi Baglan İbragim Cumhurbaşkanlığı Sambo Turnuvası kupasını kazandı.

Kazakistan'ın başkenti Nur-Sultan Kurucu Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev Sambo turnuvasına ev sahipliği yaptı. 15 ülkeden 200'e yakın sporcunun katıldığı turnuvada

Ahmet Yesevi Üniversitesi Sanat Fakültesi Beden Eğitimi Bölümü dördüncü sınıf öğrencisi Baglan İbragim tüm rakiplerini ekarte ederek kupanın sahibi oldu. Üniversitemiz Rektörü Prof. Dr. Bolatbek Abdasilov şampiyon sporcumuzu makamında kabul ederek, tebrik ve teşekkürlerini ilettiler.



Öğrencilerimizden Şampiyonluk

Kazakistan Cumhuriyeti Gençlik ve Spor Bakanlığı tarafından düzenlenen Sambo şampiyonasında Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencileri kupanın sahibi oldu.

Kazakistan'ın Semey Eyaletinde Kazakistan Gençlik ve Spor Bakanlığı tarafından eyaletler arası Kazakistan Kupası Şampiyonası gerçekleştirildi. 400'e yakın sporcunun katıldığı şampiyonada Türkistan Eyaletini Üniversitemiz öğrencileri temsil etti. Sambo güreşi şampiyonasında sporcularımız tüm rakiplerini ekarte ederek kupanın sahibi oldu. Yarışmanın ikinciliğini Kızılorda Eyaleti elde ederken, Doğu Kazakistan Eyaleti ise üçüncü geldi. Üniversitemizin başarı çizgisini yükselten sporcularımızı tebrik ediyoruz.



Öğrencimizden Dünya Şampiyonasında Altın Madalya



Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencisi Nurum Selimgerev Dünya Güreş Şampiyonasında altın madalya kazandı.

Kazakistan'ın Aktöbe Eyaleti Dünya Güreş Şampiyonasına ev sahipliği yaptı. 42 ülkeden 300'e yakın sporcunun katıldığı şampiyonada Ahmet Yesevi Üniversitesi Sanat Fakültesi Beden Eğitimi Bölümü dördüncü sınıf öğrencisi Nurum Selimgerev 100 kiloda şampiyon olarak altın madalyanın sahibi oldu. Uluslararası platformlarda üniversitemizi başarı ile temsil eden öğrencimiz üniversite yönetimi tarafından taltif edildi.



ӘДЕБИЕТ

СӨЗДЕН МАРЖАН
ТЕРГЕНДЕР

Еркін ойдың иесі, әдебиет сүйер жастардан құрылған Саттар Ерубәев әдеби клубы жылдық жұмысын қорытындылады. Әдемі ойды әдебиеттен іздейтін жастарымыз көркем шығармаға әдеби талдау жасай жүріп, ізденістерін арттырып, танымын кеңейтіп біршама биіктерді бағындырыпты. Ол жеңіс әуелі жастарымыздың дарыны мен ізденісінің нәтижесі болса, екіншісі осындай әдеби ортада бірін-бірі қамшылай, бәсекелесе жүріп ширағандығынан болса керек.

Әдеби орта қалыптастыруды мақсат еткен жастарымыз бір жылдың ішінде бірнеше республикалық, облыстық жыр мұшайра жеңімпазы атанды.

Өзара үйлесім мен бірлікті нығайту мақсатында 1,2,3,4-курс студенттері арасында ғалымдарды қатыстыра отырып әдеби басқосу ұйымдастырды.

Арқалық Әмәлият бірнеше рет «Ұмытшақ көктем» кітабының таныстырылымын жасады.

Дәурен Тілеухан Алматы қаласында өткен Халықаралық «Алтын қалам» әдеби байқауының «Жылдың үздік поэзиясы» аталымының жеңімпазы атанды.

Саттар Ерубәев клубы «Руханият», «Темірқазық» атты клубтарымен бірлесіп «ЭЙФОРΙΑ САЗЫ» атты ақындар дуэлін ұйымдастырды.

Саттарлықтар «Que. Time» атты өз жаңа жобасын дайындап, әдебиеттің түрлі мәселелерін «Үш сұрақ» бағдарламасына сыйғызып, әлеуметтік желіде әдеби қозғау жасады.

Әдебиет сыншысы С.Әшімбаев «Әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды» депті. Теңдесі жоқ жұмыстың басы-қасында жүрген осындай әдебиеттің шамшырақтарына алғыс білдіремін. А.Байтұрсынов айтқандай әдебиетті мақтанаш үшін емес, шынайы мінезбен, ұлттың қажетін өтеуге себепші болайық!..

Роза ЕСБАЛАЕВА
Саттар Ерубәев әдеби клубының жетекшісі



АБАЙДЫҢ ЕКІНШІ ҚАРА СӨЗІ

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе - шаршап, жаяу жүрсе - демін алады, ноғай дегенше, ноғай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшық ноғай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп. Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім. Енді қарап тұрсам, сарттың екілеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малынды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық - бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшын аяғың білген пышыратыңға қойған идән түгіл, шық, сасық қазақ», - деп үйінен қуып шығарады. Оның бәрі - бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?

СӨЗ СҮҮЕКТЕН ӨТЕР

Сөзге тоқтаған қалыңдық, сөздің зілін сіз сезініп көрдіңіз бе?! Сөз тапқанға иландым.

Сөздің құдіреті, сөздің қиесі дегенді жиі естіп жатамын, бірақ соның бай-ыбына барып, түсінгенім осы қазір. Әр дәуірдің өз сөз зергері бар, оның қағаз бетіне түскені бар, қалық аузында қалғаны бар, әйтеуір, пәленше осылай делті, деп айтылып жатады. Тарихта әділдігімен, тапқырлығымен, тілінің өткірлігімен, шешендігімен, ұшқыр ойымен талайды сөзбен естен тандырып, дауды шешіп, қарқындыны тоқтамға келтіріп, ел арасында бірлікті сақтап қалған шешен де, би де баршылық.

Менің айтпағым шешендер жайында емес, «сөзге тоқтаған қалыңдық» деп жатамыз ғой, міне, сол жайында болмақ.

Сөз деген өте құдіретті. Тіліңіз ашы болса, сөздеріңізді абайлап қолданғаныңыз абзал. Тіл - өткір қанжар, сол қанжардың ұыты сөз болса, онда ұытты қанжарды абайлап сермеңіз, себебі өзгенің көңіліне қаяу түсіріп алуыңыз бек мүмкін. Айтар сөзімізге әрқашан абай болғанымыз жөн, әсіресе әзілдескенде, сөз таласқа түскенде. «Аңдамай сөйлеген - ауырмай өледі», - дейді ғой, жалпы айтар сөзіңізге барынша сақ болыңыз. Сөзбен жанды семіртуге, жақсының мерейін өсіруге болады. Керек десеңіз, талайдың көкірек көзін оятуға да, жігерлендіре қайрауға, көңілін көтеруге де болады. Айта берсек, сөздің атқарар арқуиқиясы шаш етекпен.

Әуелі сөздің құдіретін мен қалай, қай оқиғалардан соң түсінгенімді баян етейін. Ата - әжемнің тәрбиесін Жасұлан бауырым екеуіміз қатар алып, ер жеттік. Бір жылдары атамды сырқаттанып қалып, ота жасатуға тура келген еді. Арнайы орталықта он күннен астам уақыт жатып қалған атам әжеме набарласып, телефон тұтқасының арғы жағынан: «Жатқызғандарына он күннен асты, сөзбалақтап не істеп жүр өздері? Неге жасарын жасамайды? Ауылдағы мал - жанды ойлап, тыныш ұйықтап да алмай жүрмін, ертең ауылға қайтамын» деді.

Енді қайттық, атамды райынан қайтару оңай болады дейсіз бе?! Бір жағынан атамды да түсінуге болады. Өзінің 70 жас ғұмырында төрт қабырғаға қамалып, бостан - бос отырып көрмеген. Дегенмен, денсаулық та керек.

Дәл осы сәтте атамды сөзбен не алдарын, не айқауға саларын білмей отырған әжемнің телеронына Жасұлан жармаса кетті де:

— Атау, Ассалаумағалейкүм, сіз сәуіліңізді бәйгеге қосар сәтте оны әбден бабына келтіріп барып, сосын ғана бәйгеге қосасыз ғой. Сізді де сол секілді отаға дайындап жатыр, сіздің организмиңіз отаға дайын болғанда жасайды, - деді.

Бұны естіп «сөз тапқанын қарап көр. Атамды көндірді - ау», - деп біз мәзбіз. Телеронның арғы жағынан атамның даусы сәл кібіртіктеніп барып шықты:

— Ә, жәрәғән онда, өздері біледі.

Сол жылы атам ота жасатып, ауылға аман оралды, шүкір. Біз оқта - текте Жасұланның тапқырлығын күліп еске алып, тамсанып қоямыз.

«Сөзге тоқтау деген осы шығар», - дедім мен ішімнен. Расында, тауып айтты. Жасұлан оқыстан тапқырлық жасамағанда кім біледі, атам сол жылы ота жасатпас па еді?

Сөзді тауып айтсан, көп көргенді де өз сөзіңе иландыра алады екенсің.

Сөзге тоқтаған қалыңдық ғой..

«Сөз сүйектен өтеді», - дейді. Бірде бір группаласымның қатты ұялтқаны бар. Концерт болсын, мереке болсын тағысын тағы, әйтеуір ортадан ақша жиналатынын білесіз ғой. Сондай бір сәтте белсенділер ортаға шығып сөйлеп, неге керек екенін айтып жатты. Сонда жанымдағы жолдасым әзілдеді ме, жоқ расын айтты ма, әйтеуір, «ақша жоқ» деп дауыстап жіберді. Бұны естіген біз де, айтқан ол да мәз. Алда отырған бір қыз біз жаққа бұрылды да, «еркек басыңмен жоқ, жоқ деуге ұялмайсың ба?» - деп қалды. Маған айтпаса да өзге үшін ұялғанымнан екі бетім ду ете қалды. Сөзі сүйегімнен өтіп кеткені соншалық, «ешқашан жоқ демеймін!», - деген тоқтамға келдім. Расында, ер балаға жоқ, жоқ деп жоқтап қалу жараспайды екен. Группаласым тауып айтты, әрі батырып айтты. Сол жерде отырған ер балаларды білмеймін, бірақ өз басым қатты бір толқып, қысылып, қымтырылып кеттім. Міне, маған сөз құдіретін түсіндірген оқиғалар осылар.

Жылы - жылы сөйлесең, жылан інінен шығады. Сөзге шешен болсаң, сөздің сүйектен өткізе алсаң, Шығайбайдың жоғын алуға болады. Ебін тауып, епті сөйлесеңіз болғаны. Сөз - құдіретті. Сөзге тоқтау бар болса, қазақы мінез де бар. Тауып айту, шешен сөйлеу, сөзге иландыру біздің бір болмысымыз. Болмысымызда бар нәрселерді өшіріп алмайық. Дархан қалықтың тілі жоғалмасын дейік әуелі, тіл жоғалса, сөз қайдан болсын?!

Асылан Ермекбай
4 курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор м.а.: Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Ақпарат орталығы:

Бейсен Тельман
telabdi@mail.ru

Тілшілер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Сүлеймен ДОҒАН
dgn_s8@hotmail.com

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru